

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**Тақырыбы: Билік құрылымындағы
партиялар ролі**

Дайындаған: Күзембаева А

Тобы: ПО-204к

Тексерген: Баймұратова Г

ЖОСПАР

1. Саяси партияның пайда болуы, мәні мен қызметтері
2. Партиялық жүйесі.
3. Қазақстандағы саяси партиялар



Саяси партия - мемлекеттік билікті қолға алуға немесе билік жүргізуге

қатынасуға бағытталған, ортақ мүдде, бір идеология негізінде құрылған адамдардың ерікті одағы; қандай да бір таптың немесе оның қабатының мүдделерін көрсететін, белсенді және ұйымдастырылған бөлігі.

Алғашқы саяси партиялар Ежелгі Грекияда пайда болған. Ал қазіргі біздің түсінігіміздегі саяси партиялар Еуропада ХІХ ғ. ІІ жартысында пайда бола бастаған. Бірақ саяси партиялар бірден көпшілік, бұқаралық партия бола калған жоқ. Мысалы, неміс ойшылы М.Вебер саяси партиялардың дамуында келесі кезеңдерді атап көрсеткен:

- 1) аристократиялық үйірмелер;
- 2) саяси клубтар;
- 3) көпшілік партиялар.

Демократиялық тәртіп жағдайында партиялар азаматтар, әлеуметтік топтар мен қоғам мүдделерін шынайы саяси үрдіске айналдыра алады.

САЯСИ ПАРТИЯЛАР 19-20 Ғ. ДАМИ БАСТАДЫ, БҰЛ БІРНЕШЕ ДӘЛЕЛДЕРМЕН ТҮСІНДІРІЛЕДІ:

1. 19-20 ғ. аралған көптеген елдер дамыған капиталистік елдер қатарына қосылды
2. Халықтар мен ұлттардың ұлттық сана - сезімі оянып, дамиды, сондықтан олар өз қажеттіліктерін ақамдау үшін партиялар құрады.
3. Биліктің танымдық және сайлаулық жүйесі құрылады. Биліктік құрылымға кіру партияның өзіне байланысты. Қоғамның белгілі бір табының қолдауымен партия биліктің құрылымына енгісі келеді

Дж. Ла Паломбараның ойынша партиялар мынадай 4 белгімен сипатталады:

партия белгілі
бір
идеологияны
қорғайды
немесе кем
дегенде
адамды,
дүниені
ерекше көре
біледі;

партия –
адамдарды
жергілікті
ұйымнан
бастап,
халықаралық
дәрежеге дейін
саясаттың әр
түрлі
деңгейінде
ұзақ
біріктіретін
ұйым;.

партияның
басты мақсаты
– билікті
қолға алып,
жүзеге асыру
(көбінесе ол
коалициялық
жолмен
жасалады);

әр партия
өзіне
халықтың
дауыс
беруінен
бастап, мүше
болуына
дейінгі
қолдауын
қамтамасыз
еткісі келеді.

Саяси партиялардың ортақ белгілері:

Әлеуметтік бірлестік. Қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтарға басшылық жасап, олардың саяси-әлеуметтік мүдделерін шешу үшін бірігіп іс-қимылдар жасауға басшы болу.

Саяси мамандар, саясатшылар дайындау мәселесін шешу.

Азаматтардың саяси санасын жоғарылату


Саяси билікке келу үшін күрес жүргізу.

Қоғам дамуына бағытталған саяси бағдарламалар дайындап оны іске асыру.



Саяси партия қызметтері - саяси партиялардың негізгі міндеттерінің бірі - қоғамдық мүдделерді жинақтау мен оларды саяси шешімдерді қабылдау жүйесі шеңберіне ұйымдасқан және бағытталған түрде енгізу. Саяси партиялар билік үшін бәсекелестік күресте қоғамдық қолдауды жұмылдырушы құрал ретінде қызмет жасайды. Партиялық жұмылдыру арқылы азаматтар қазіргі заманның саяси үрдісінің белсенді мүшесіне айналады, яғни іріктеу қызметін атқарады. Партиялар қоғамдық мүдделерді қалыптастыруда да белгілі рөл атқарады.





- Кез келген саяси партия белгілі бір функцияларды
 - әлеуметтік топтардың активтілігі;
 - саяси идеологияларды ойластыру;
 - мемлекеттегі билік ана үшін күресуге қатысу;
 - қоғамдық көзқарасты қалыптастыру;
 - қоғамды саяси тәрбиелеу;
 - мемлекеттік аппаратқа кадрларды даярлау және ұсыну;
 - мемлекеттік билікті іске асыруға қатысу.



Француз ғалымы М.Дюверже XX ғ. 50 жылдарында сайлаушылар мен белсенділер санына байланысты партияларды екіге бөлді:

Кадрлық деп қатарында сайлаушылардың 10%-ынан кемі ғана болатын, мүше саны аз партияны айтады. Бірақ ол ұйымдастырылуы мен және тәртібімен көзге түседі.

Бұқаралық партияда оны үнемі жақтап дауыс беретін сайлаушылары, мүшелері мен белсенділері көп болады. Бірақ олардың ресми мүшелері болмайды.



•Саяси жүйедегі рөлі мен іштей ұйымдасуына байланысты саяси партияларды төрт топтастырады

- Авангардтық партиялар** (лениндік тұжырымдама). Олардың ұйымы жоғары орталықтанумен сипатталады, өзінің барлық мүшелерінен партияның жұмысына белсенді қатынасуын талап етеді.
- Сайлаушылар партиясы**. Олардың негізгі мақсаты үміткерлердің сайлау алдындағы науқанын ұйымдастыру: қаржы жинау, үгіт жүргізу, т.т. Оларда тұрақты мүшелік, идеологиялық негіз, ұйымдық құрылым жоқ.
- Парламенттік партия.**
- Негізгі екі қызметті атқарады: сайлауға дайындалу және парламетке бақылау жасау. Мәселелерді алдын ала талқылап, қабылданатын шешімдерді сәйкестеу, келістіру үшін партиялар парламенттер мен муниципалитеттерде жіктер жасайды.
- Қауымдастық партия.**
- Ол адамдарды белгілі бір саяси жолды ұстанғандығына қарай емес, ортақ көзқарас, ұқсас мүдделеріне орай өзара қатынасып, маңызды мәселелерді талқылау үшін біріктіріледі



САЯСИ ИДЕОЛОГИЯСЫНА ҚАРАЙ ПАРТИЯЛАРДЫ 5 ТҮРГЕ
ЖҮЙЕЛЕП ЖҮР

Саяси партиялар

Коммунистiк
партиялар
мен
солшыл
радикалды
қ
бағыттағы
партиялар

Социал-
демократи
ялық
(немесе
социалистi
к,
лейбористi
к)
партиялар

Буржуазия
лық-
демократи
ялық
партиялар

Консерват
ивтiк
партиялар

Фашистiк
партиялар



Коммунистік партиялармен солшыл радикалдық бағыттағы партиялар

Олар К.Маркстің ілімін басшылыққа алады. Жеке меншіксіз, тапсыз қоғам құруға тырысады. Басқа партиялар коммунистік партияның басқарушы рөлін мойындауы керек. Мысалы, Қытай, Солтүстік Корея, Куба, бұрынғы КСРО. Батыста мұндай партиялардың айтарлықтай салмағы жоқ;

Социал-демократиялық (немесе социалистік, лейбористік) партиялар

Олар қазіргі капиталистік қоғамды еңбекші халықтың мүддесіне сай ұдайы реформалап, өзгертіп отыруға тырысады.

Олардың басты құндылықтары: бостандық, әділеттілік, ынтымақтастық, теңдік. Оған жататындар: Австрияның, Германияның, Швецияның социал-демократиялық партиялары, Ұлыбританияның лейбористік партиясы

КОНСЕРВАТИВТІК ПАРТИЯ

. Негізінен ірі буржуазияның мүддесін қорғайды. Әлеуметтік теңсіздікті сақтағысы келеді, адамдық және азаматтық ар-намыс, плюрализм, ынтымақтастықты жақтайды. Мысалы, АҚШ-тың республикалық партиясы, Германияның Христиандық-әлеуметтік одағы мен Христиандық-демократиялық одағының блогы, Ұлыбританияның консервативтік партиясы, т.т.;

Буржуазиялық-демократиялық партиялар

Буржуазиялық-демократиялық партиялар. Олар ХІХ ғасырда Еуропа мен Солтүстік Америкада бір кезде пайда болды. мынандай принциптерді басшылыққа алады: қоғамда билік үшін әрқашан ашық күрес жүруі керек, өкіметке жалпыға бірдей сайлау арқылы жету, парламентте көршілік дауыс алған партия немесе партиялық бірлестік өкіметті билейді, басқарушы партияға қарсы үздіксіз ашық оппозиция жұмыс істейді. Заң алдында бәрінің де тең болғанын, сөз, баспасөз, жиналыстар бостандығын қалайды.

ФАШИСТІК ПАРТИЯЛАР

Олар жеке мүддеден мемлеттік мүдденің басым болғанын, басқаруда қатан орталықтандыруды, адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеуді қалайды. Ұлтшылдықты уағыздайды. Бұл тоталитарлық немесе авторитарлық жүйеге жол ашады. Фашистік партиялар кезінде Германия мен Италияда болған. Бірақ сол елдерде және т.б. жаңарған неофашистік ұйымдардың пайда болуы сақтандырады.



Саяси партиялар саны жағынанан

•Көппартиялық жүйе

•Мемлекеттік билік үшін күрес барысында бірнеше саяси партиялардың әр түрлі мүдделері мен пікір алалығын пайдалана отырып басқаруын айтады. Онда үш және одан артық партия қатысады. Бұл – адамзаттың қоғамдық басқаруда ойлап тапқан өркениетті түрі. Бұл құрылым қазір әлемнің отыздан астам мемлекеттерінде жұмыс істейді.

•Екіпартиялық жүйе

•Екіпартиялық жүйеде басқа да кішігірім партиялар болуы мүмкін, бірақ билік үшін нағыз бәсекелестік ең ірі екі партияның арасында жүреді. Мұнда жалпыға бірдей тікелей сайлау екі партияның бірі өзінен өзі автоматты түрде парламентте көпшілік орынды қамтамасыз етеді. Ол Министрлер Кабинетінің орнықтылығын қамтамасыз етеді.


•Бірпартиялық жүйе


•Өзінен басқа, әсіресе бәсекелес партияларды болдырмайды. Ол тоталитарлық және авторитарлық қоғамдарға тән. Мұндай тәртіпте басқарушы партия бақылаушы және сынаушы оппозициалық партиялардың жоқтығын пайдаланып, саяси билікті бүтіндей қолына алып, басқа мемлекеттік органдарды ығыстырады



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨППАРТИЯЛЫҚТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Партия атауы	Негізгі мақсаты	Құрылған уақыты
Алаш партиясы	Қазақ халқын отарлық негізден азат ету, автономиялық ұлттық мемлекет құру.	қазанның 12—20 аралығы
Ұлттық-демократиялық «Желтоқсан» партиясы	986 жылғы <u>Желтоқсан көтерілісіне</u> қатысқандарды ақтау, көтеріліске әділ саяси баға беру болды	1989 жылы, жазында
Азат Жалпыұлттық социал-демократиялық партия	Жалпыұлттық социал-демократиялық партия өзінің алдына демократиялық, құқықтық, әлеуметтік мемлекет, инновациялық экономика құру, жаңа гуманитарлық саясатты жүзеге асыру	2006 жылы, 10 қыркүйек



<p>Азат Жалпыұлттық социал- демократиялық партия</p>	<p>Жалпыұлттық социал-демократиялық партия өзінің алдына демократиялық, құқықтық, әлеуметтік мемлекет, инновациялық экономика құру, жаңа гуманитарлық саясатты жүзеге асыру</p>	<p>2006 жылы, 10 қыркүйек</p>
<p>Социал- Демократиялық Партия, Қазақстан социал- демократиялық партиясы (ҚСДП) – саяси ұйым.</p>	<p>Тұрмыс сапасын жақсарту, саяси, экономикалық, әлеуметтік реформаларды жүзеге асыру.</p>	<p>1990 жылы, 26 – 27 мамырда</p>
<p>Социалистік Партия</p>		<p>1991 жылы, 7 қыркүйек</p>
<p>Қазақстанның азаматтық партиясы</p>	<p>Қазақстан Республикасының мемлекеттілігін нығайтуға және дамытуға үлес қосу.</p>	<p>1998 жылы, 17 қараша</p>
<p>"«Ауыл» шаруа социал- демократиялық партиясы»</p>	<p>Партия аграрлық партиямен шынайы идеологиялық келіспеушіліктер негізінде құрылды, аграрлық партия ауыл тұрғындарының емес, «делдал капитал» мүддесін қорғайды</p>	<p>2000 жылы, 30 қаңтар</p> 

Республикалық «Асар» партиясы	Идеялық тұғырнамасы «Қазақстан—2030» стратегиялық даму бағдарламасына сәйкес келеді, негізінен, ол билік орындары мен қоғамның назарын халықтың әлеуметтік мәселелері мен өмірлік мұқтаждарына аударады	2003 жылы, қазан
«НҰР ОТАН» Халықтық-Демократиялық партиясы	қоғамды одан әрі демократияландыруға бағытталған экономикалық және саяси реформаларды жүзеге асыруға; азаматтардың өмір сүру деңгейін көтеруге; әлеуметтік әділеттік орнатуға және елімізде тұрақтылықты сақтауға; ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға; Қазақстан Республикасының жан-жақты және үйлесімді дамуы үшін азаматтардың отансүйгіштігі мен жауапкершілігін тәрбиелеуге белсенді ықпал етуді басты мақсаттары етіп жариялады	1999 жылы, қаңтар
«Әділет» демократиялық партиясы	Қазақстанда құқықтық демократиялық әлеуметтік мемлекет құруды, тиімді, озық және дамыған экономикалық жүйе құруды, азаматтық қоғам қалыптастыруды партия өзінің басты міндеттері санайды	2004 жылы, 14 маусым
Жалпы ұлттық социал-демократиялық партиясы (ЖСДП)	Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы өз алдына демократиялық, құқықтық әлеуметтік мемлекет қалыптастыру, инновациялық экономика құру, жаңа гуманитарлық саясатты жүзеге асыру міндеттерін қояды	2006 жылы, 10 қыркүйек

ҚОРЫТЫНДЫ

- Қазақстан Республикасы көппартиялы мемлекет. Себебі, біз демократиялы мемлекетпіз.

Қазақстанда көппартиялықтың қалыптасуы жалғасуда және толыққанды тұрақты партиялық жүйе туралы, саяси күштердің айқын түрде анықталуы туралы айтуға әлі де болса ертерек. Республиканың саяси партиялары алдында дәстүрлі міндеттермен қатар, партия дамуының ортақ тенденцияларын және өтпелі қоғамды Қазақстанның ерекшеліктерін анықтайтын жаңа міндеттер де тұр.

Келешекте партиялық жүйенің одан ары нығаюы және Парламенттегі партиялық өкілдікті кеңейту Қазақстандағы саяси процестерді демократияландыруды жеделдетеді.

